

ӘОЖ 81'373.612

ҒТАХР 16.21.07

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.010>

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ «ЖОЛ» КОНЦЕПТІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

*Жамансариева Е.А.¹ Отарбекова Ж.К.²

*^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Когнитивтік лингвистика тілдік бірліктер арқылы ұлттың когнициясы мен дүниетанымын көруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, «жол» тек физикалық кеңістік қана емес, сонымен қатар мифопоэтикалық және когнитивтік мағынаға ие күрделі құрылым. Бұл зерттеудің мақсаты - дәстүрлі және қазіргі қазақ ертегілеріндегі «жол» ұғымы сабақтастығы мен трансформациясын анықтау және когнитивтік әдістерді қолдана отырып ұлттық кодтың сақталу деңгейін сипаттау. Зерттеудің негізгі бағыттары ұлттың дүниетанымын, мифопоэтикалық қызметін және «жол» концептінің ұлттық құрылымдарын анықтауға бағытталған.

Зерттеудің нысанында дәстүрлі қазақ ертегілерінен төрт ертегі («Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Аяз би») және қазіргі қазақ ертегілерінен бес ертегі («Жиһанкез Тити», «Робот пен Алтын сақа», «Смартфонға түсіп кеткен қыз», «Күннің тоғыз баласы», «Томирис пен Нарқызыл») іріктеліп алынады. Әдіснамалық негіз ретінде ертегілік дискурстағы жолдың қалай сипатталатынын анықтау үшін сценарийлік талдау мен фреймдік талдау қолданылады. Жол концепті бастау, кеңістік, кедергі, көмекші және мақсат сияқты тұрақты слоттары бар фреймдер, сондай-ақ бастау – кедергі – көмекші – межеге жету – мақсат кезеңдерінен тұратын сценарийлер арқылы сипатталады.

Зерттеу нәтижелері «жол» концептінің көпқабатты трансформацияға ұшырағанын көрсетеді. Физикалық деңгейде «жол» кейіпкердің қозғалыс кеңістігі, тәжірибе алаңы болса, когнитивтік деңгейде «жол» тек физикалық кеңістік пен рухани сынақ қана емес, жеке тұлғаның ішкі дамуы мен әлеуметтік тәжірибесін модельдейтін сценарийлік құрылым ретінде көрініс табады. Мифопоэтикалық деңгейде «жол» сакралды кеңістік, халықтың ұжымдық жады мен көшпелі тағдырының шифры.

Зерттеудің қорытындысы қазақ халық ертегілеріндегі «жол» ұғымының тарихи сәйкестігін және оның қазіргі замандағы дамуын анықтап, мәдениеттің сабақтастығындағы рөлін көрсетеді. «Жол» концептін когнитивтік және мифопоэтикалық тұрғыдан жүйелі түрде сипаттау зерттеудің құндылығын арттырады. Алынған нәтижелер когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және фольклортану салаларындағы

теориялық зерттеулерді толықтырып, корпустық талдаудың әдіснамалық негізін қалыптастыруға үлес қосады.

Тірек сөздер: авторлық ертегілер, дәстүрлі ертегілер, «жол» концепті, трансформация, фрейм, сценарий, хронотоп, архетип

Кіріспе

Қазақ халық прозасында ертегі жанры – ғасырлар қойнауынан жеткен рухани мұра, халықтың ұлттық дүниетанымын сақтап жеткізуші басты арналардың бірі. Ертегілер тек балаларға арналған қызықты әңгіме ғана емес, олар – халықтың тарихын, мәдениетін, наным-сенімін, этикалық қағидаларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ұлттық кодты тасымалдаушы құрал.

Әрбір ертегіде баяндалатын сюжет, кеңістік пен уақыт, образдар халықтың дүниетанымын көрсетеді. Олардың ішінде біреуі жалпыадамзатқа ортақ болса, енді бірі тек белгілі бір ұлтқа тән. Сондай элементтердің бірі – «жол» концепті, ол халықтың рухани жадын айқындайды.

Дәстүрлі қазақ ертегілеріндегі «жол» – ғасырлар бойы адамдардың дүниетанымдық көзқарасын сақтап келген архетип, ал қазіргі ертегілерде ол жаңа әлеуметтік, психологиялық және экологиялық мазмұнмен толықтырылды. Дегенмен, бұл ұғымның құрылымы өзгеріссіз қалды, ал ұлттық рухани өзегі бұзылған жоқ. Бұл құбылысты лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу (сценарий және фреймдік талдау) зерттеушілерге қазақ фольклорындағы архетиптік белгілердің қазіргі трансформациясын анықтауға және ұлттық кодтың сабақтастығын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты дәстүрлі және қазіргі қазақ ертегілеріндегі «жол» концептінің өзгерістерін салыстырмалы талдау отандық фольклортану мен когнитивтік лингвистика салалары үшін өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Сондықтан бұл зерттеудің мақсаты - дәстүрлі және қазіргі қазақ ертегілеріндегі «жол» ұғымының сабақтастығы мен трансформациясын анықтау, сондай-ақ когнитивтік әдістерді қолдану арқылы ұлттық кодтың сақталу деңгейін дәлелдеу.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу нысаны ретінде дәстүрлі қазақ ертегілерінен төрт ертегі («Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Аяз би») және авторлық ертегілерден бес ертегі («Жиһанкез Тити», «Робот пен Алтын сақа», «Смартфонға түсіп кеткен қыз», «Күннің тоғыз баласы», «Томирис пен Нарқызыл») іріктеліп алынды.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл зерттеудің мақсаты – дәстүрлі және авторлық ертегілердегі «жол» ұғымын кешенді талдау, «жол» ұғымының архаикалық тұрақтылығы мен қазіргі заманғы трансформацияларын салыстыру үшін лингвокогнитивтік әдістерді (фреймдік және сценарийлік талдау) қолдану және ұлттық кодтың сақталу дәрежесін анықтау.

Зерттеудің теориялық негізі – когнитивтік лингвистика мен фольклортану теориясы. Зерттеудің негізгі қағидасы дәстүрлі ертегілерде ұлттық код пен мәдени кеңістікті бейнелейтін «жол» концептінің қазіргі қазақ ертегілеріндегі трансформациясын айқындауға негізделеді.

Сценарий когнитивтік ғылымда белгілі бір оқиғалардың типтік тізбегі ретінде анықталады. Дәстүрлі ертегілер мен авторлық ертегілердің сюжеттік құрылымдарының салыстырмалы үлгісін сценарийлік талдау арқылы анықтауға болады. Сценарийдегі кеңістік пен уақыттың өзгеруіне қарамастан, негізгі құрылымның сақталу деңгейі белгіленеді.


Фреймдер - белгілі бір ұғымдардың құрылымдық модельдерін сипаттайтын когнитивтік бірліктер. Бұл зерттеуде «жол» ұғымы: «бастапқы нүкте», «кеңістік», «кедергі», «көмекші», «мақсат» фреймдері арқылы зерттеледі. Фреймдер дәстүрлі және авторлық ертегілерде зерттеліп, «жол» концептінің трансформациясы анықталады.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері дәстүрлі және қазіргі заманғы қазақ ертегілеріндегі «жол» ұғымының тілдік және когнитивтік сипаттамаларын салыстырмалы түрде анықтауға мүмкіндік берді. Фрейм мен сценарийді талдау барысында жолдың архаикалық құрылымы тұрақты болып қалғанымен, оның мазмұны айтарлықтай өзгеріске ұшырағаны белгілі болды.

Дәстүрлі қазақ ертегілерінде «жол» ұғымының мифологиялық және сакралды маңызы бар. Бұл ертегілерде жол тек қозғалыс кеңістігі ғана емес, сонымен қатар жоғарғы, орта және төменгі әлемдерді байланыстыратын архетиптік өтпелі құрылым ретінде көрінеді. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде батырдың жоғарғы әлемнен жер асты әлеміне және кері сапары, жолындағы кедергілерді жеңу өмірден өлімге өтудің көрінісі. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінде «жол» әділеттілік пен бостандыққа ұмтылуды білдіретін ұлттық миссияның архетиптік моделі ретінде қызмет етеді.

Дәстүрлі қазақ ертегілерінде бір ғана ортақ сценарий бар екені анықталды.




Сурет 1 – Дәстүрлі қазақ ертегілерінің сценарийлік құрылымы

Ертегілерде кейіпкер әділдік іздеп жолға шығады. Батыр жолда әр алуан қиындықтарға кезігіп, оларды еңсереді. Осы сын сәттерде батырға тұлпар, данагөй қария немесе жануарлар көмекке келіп, күш-жігер береді.

Батыр қиындықтарды жеңіп, рухани тұрғыдан кемелденіп, қоғам алдындағы миссиясын орындап, еліне аман-сау оралады.

Ал қазіргі қазақ ертегілерінде осы форма сақталғанымен, мазмұны трансформацияға ұшыраған.



Сурет 2 – Қазіргі қазақ ертегілерінің сценарийлік құрылымы

Авторлық ертегілерде кейіпкер жолға шығады, бірақ оған кедергі мифологиялық құбыжық (жалмауыз, жезтырнақ, айдаһар, т.б.) емес, психологиялық немесе әлеуметтік қиындықтар. Мысалы, «Робот және алтын асық», «Смартфонға түсіп кеткен қыз», «Күннің тоғыз баласы», «Томирис пен Нарқызыл», «Жуһанкез Тити» ертегілерінде кейіпкер әлеуметтік және психологиялық қиындықтарға (техникаға тәуелділік, жалқаулық, білімсіздік, табиғатпен үйлеспеушілік) тап болады. Осы сәтте кейіпкерге тұлпар мен данагөй қарияның орнына ұстаз, дос, техника, кітап демеу болады. Жолдың түпкі мақсаты елге оралу емес, өзін табу, қоғамға пайда келтіру және рухани кемелдікке жету.

Бұл үлгі қазақ халқының өмірлік философиясын, тағдырға көзқарасын анықтайды.

Фреймдік талдауда дәстүрлі және қазіргі қазақ ертегілеріндегі «жол» мотиві мынадай элементтер арқылы талданды: бастау нүктесі, кеңістік, кедергі, көмекші мақсат.

Кесте 1. Дәстүрлі қазақ ертегілеріндегі «жол» концептінің фреймдік құрылымы

Фрейм элементі	Мазмұны	Мысалы
Бастау нүктесі	Ауыл, киіз үй, дала	Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Төстік бір күні ауылдың арасында отырған тарғақты садақпен тартып қалады («Ер Төстік» ертегісі); Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. («Алтын сақа» ертегісі); Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. («Керқұла атты Кендебай» ертегісі);

Кеңістік	Дала, тау, орман, жер асты әлемі	<i>Аң аулап, құс атып, әкесі мен кемпір шешесін асырайды. («Ер Төстік»); Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. («Алтын сақа» ертегісі);</i>
Кедергі	Мифологиялық бейнелер (жалмауыз, айдаһар, дәу)	<i>Енді сенің алдыңа қоятын тағы бір шартым бар. Ол мынау: дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел. («Керқұла атты Кендебай» ертегісі); <i>Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай қалған соң, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтірген екен. («Ер Төстік» ертегісі); Егеуіңнің қасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуіңді ала бергенде, ұстап алмақ («Алтын сақа» ертегісі);</i></i>
Көмекші	Тұлпар, ақсақал, сикырлы заттар	<i>Төстік ауылынан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді («Ер Төстік» ертегісі); Кендебай өзеннен өтіп алып, құйрықтың қылын тұтатқан кезде Керқұла ат жетіп келеді. Құла атты мініп алып, қару-жарақты іліп алып, сауыт-саймандарды киіп алып, Кендебай жөнеп береді («Керқұла атты Кендебай» ертегісі); Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң, кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады («Аяз би» ертегісі);</i>
Мақсат	Әділет орнату, ерлік, рухани өсу, елге оралу	<i>Төстік ағаларын іздеу қамына кіріседі. Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап үйіп береді де, Төстік жолға шығады («Ер Төстік» ертегісі); Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды. Сонда әкесі: — Кеше көшіп жүргенде, жұртта қалыпты. Барып алып келе гой,— дейді. Бала бармақшы болады да әкесінен: — Әке, қандай тайға мініп барайын? – деп сұрайды («Алтын сақа» ертегісі); - Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл, елімізге жсау тиіп, жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жсау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жсау алдына өңгеріп жөнеп берді. Мен жетім қалдым. Ишерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым. Ернім жсалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жсас, көңілімде қайғы. Мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды. - Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып берейін, - дейді Кендебай. Бала қуанып кетеді («Керқұла атты Кендебай» ертегісі);</i>

Кесте 2. Қазіргі қазақ ертегілеріндегі «жол» концептінің фреймдік құрылымы

Фрейм элементі	Мазмұны	Мысалы
Бастау нүктесі	Қала, мектеп, аспан әлемі	<i>Бүгін тәрбиеші апай... жиһанкездер жайлы әңгіме айтып берген. («Жиһанкез Тити») Ауыр бейнеттің рақатын көтере алмаған бала Шолпанды іздеп тауып, мән-жайды білуді ұйғарады («Күннің тоғыз баласы»)</i>
Кеңістік	Көше, ғарыш, интернет, табиғат әлемі	<i>Бала самғай ұшып, беймәлім аспан әлемінен досын іздеп шарлап кетеді. («Күннің тоғыз баласы») Көк аспанға саяхат жасасақ... («Робот және алтын сақа») Сабағын да интернет арқылы оқығандықтан, ата-анасы оны, көбінесе, сабақ оқып отыр екен деп алданып қалатын. («Смартфонға түсіп кеткен қыз»). Тити машиналар ағылып жатқан көше жиегіне жақындай беріп, семафорға қарап еді, жасылы жанып тұр екен. («Жиһанкез Тити»). Бұл қызыққа таңқалған Томирис көше бойындағы жүргіншіден жөн сұрағанда. («Томирис пен Нарқызыл»)</i>
Кедергі	Әлеуметтік және психологиялық тосқауылдар (жалқаулық, тәуелділік, экология)	<i>Кенет Күн бетінде жарылыс пайда болды. («Күннің тоғыз баласы»). Алмас есеп шығарады, папасы телевизор көреді, газет оқиды, мамасы ас пісіріп, ыдыс-аяқ жуады. («Жиһанкез Тити») Жұлдызды аспанда жалғызсырап, әлденеше рет адасып қала жаздады. («Робот және алтын асық»)</i>
Көмекші	Ұстаз, дос, кітап, техника, кездейсоқ «жолсеріктер»	<i>— Бара ғой, ендеше. Сау бол, Таймас! Ендігәрі көшеге жалғыз шықпа. «...жылы жүзді ағай... («Жиһанкез Тити») Шолпан... «Менің жолым – Күнді айнал. Сен де Жетіқарақиыға қарап уақытты үйрен», - деп балаға жол сілтеді («Күннің тоғыз баласы»), Жол нұсқаған жұлдыз оған бағыт сілтеді. («Робот және алтын асық»)</i>
Мақсат	Өзін табу, білім алу, қоғамға пайда, рухани кемелдену,	<i>— Жақсы көремін! Жақсы көремін! ... Жиһанкез Титидің бүгінге ашқан ең үлкен жаңалығы осы еді! («Жиһанкез Тити») Бала жерге аман-есен оралды... Содан бері олар аспан сырын білуге құмартып келеді («Күннің тоғыз баласы»), Ақыры ол алтын асықты тауып, ойынға қайта қосылды («Робот және алтын асық»)</i>

Фреймдік талдау дәстүрлі ертегілерде «жол» концептінің сакралды әрі мифологиялық сипатта екенін, ал қазіргі ертегілерде оның әлеуметтік-психологиялық мазмұнға бейімделгенін көрсетті. Дегенмен екі кезеңде де «жол» концептінің негізгі құрылымдық моделі сақталған.

Талқылау

«Жол» - адамның өмір сүру салтын, тағдырды түсінуін және әлемді қабылдауын бейнелейтін әмбебап архетип. Мақсатына жету үшін сапарға шыққан батыр жол бойында бірқатар қиындықтарға тап болады. Бұл

қазақтардың санасындағы өмірдің өзі «жол» екенін көрсететін мәдени-танымдық модель. Осылайша, «жол» – ұлттық код пен мәдени кеңістікті сақтайтын архетиптік символ. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде жол – астыңғы әлем мен үстінгі әлем арасындағы қасиетті өткел немесе басқаша айтқанда, мифологиялық әлемнің құрылымын білдіретін ерекше орын. «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде жол – бостандық пен әділдікке жетудің және халық алдындағы парызды орындаудың символы. Ал «Алтын сақа» және «Газша бала» сияқты ертегілерде жол батырдың рухани дамуына мүмкіндік беретін өнімді кеңістік ретінде бейнеленген.

«Жол» ұғымы фольклортану мен гуманитарлық ғылымдарда әртүрлі қырынан қарастырылып келеді. В. Пропп ертегі морфологиясын талдау барысында кейіпкер сапарын дәстүрлі ертегілерге тән функционалдық элементтердің бірі ретінде сипаттайды [1, 78 б.]. П. Н. Боратав түркі халық ертегілеріндегі кейіпкер қозғалысын мәдени кеңістікпен байланысты тұрақты мотивтердің бірі ретінде қарастырады [2, 288 б.]. М. Бахтин «жол» хронотопын адам болмысы мен рухани дамуды бейнелейтін философиялық модель ретінде сипаттайды [3, 145 б.]. Дж. Кэмпбелл «Батырдың саяхаты» концепциясында жолды рухани трансформацияның әмбебап құрылымы ретінде көрсетеді [4, 279 б.].

Кейінгі зерттеулерде «жол» ұғымының мәдени-танымдық және тарихи сипатына ерекше назар аударылады. А. А. Находкина эпостағы жол мотивін тарихи өзгеріс пен ұлттық жадтың символы ретінде талдайды [5, 83 б.]. Г. Юнусова мақал-мәтелдер, әндер мен ертегілердегі «жол» хронотопын халықтық мәдени кодтың көрінісі ретінде зерделейді [6, 62 б.]. Сонымен қатар, А. Абдулжалилов өзбек ертегілеріндегі «сынақ» мотивін «жол» ұғымымен байланысты сценарийлік құрылымдардың бірі ретінде сипаттайды [7, 32 б.].

«Жол» ұғымын зерттеу кейінгі кезеңде когнитивтік лингвистика аясында да кең өріс алды. Бұл бағыттағы зерттеулерде «жол» концепті адамның кеңістік, қозғалыс, өмірлік тәжірибе және танымдық модельдер туралы түсініктерімен байланыста қарастырылады. Әсіресе, когнитивтік лингвистикадағы концептуалдық метафора, фрейм және сценарий теориялары «жол» концептінің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Дж. Лакофф пен М. Джонсон концептуалды метафоралар теориясында адамның ойлау жүйесі метафораларға негізделгенін анықтайды. [8, 188 б.]. Олардың ішінде ең көп тарағаны – «өмір - жол» метафорасы. Бұл метафоралық құрылымда адамның өмірлік тәжірибесі жолмен байланыстырылады. М. Джонсонның пікірінше, «жол» — жай метафора ғана емес, ол — адамның әлемді қабылдау тәсілі, яғни когнитивтік картаның негізгі бөлігі [9, 68 б.]. Осылайша, қазақ ертегілеріндегі «жол» концепті адамзатқа ортақ когнитивтік модельді білдіреді.

Отандық зерттеулерде де «жол» ұғымының мәдени-танымдық, мифологиялық және концептуалдық қырларына назар аударылады. Қазақ фольклоры мен көркем мәтіндеріндегі «жол» концепті ұлттық дүниетаным, рухани құндылықтар және тарихи жадпен сабақтастықта талданады.

Ғ.Ж. Орда мен Т.С. Измахан [10, 170 б.] қазіргі қазақ ертегілерінде классикалық жол мотиві сақталғанымен, оған жаңа әлеуметтік мазмұн қосылғанын көрсетті. А.Салқынбай мен Т.Нұрбеков ертегілерді мәдени-танымдық құбылыс ретінде қарастырады және «жол» ұғымының когнитивтік сценарийін сипаттайды [11, 118 б.]. А.Бейсембаев пен А.Бахралинова «дала» және «жол» лингвомәдени мотивтерін ұлттық кодтың тірі тасымалдаушылары ретінде қарастырады және жаһандану жағдайында бұл мотивтердің жаңа семантикалық ерекшеліктермен байып жатқанын көрсетеді [12, 179]. Жаһандану дәуірінде ұлттық кодты сақтау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Зерттеу барысында дәстүрлі қазақ фольклорлық ертегілеріндегі жол мотиві архетиптік және тұрақты құрылым екені, ал қазіргі авторлардың ертегілерінде оған жаңа мазмұн қосылатыны, бірақ бастапқы символдық негіз өзгеріссіз қалатыны көрсетілген. Айтылған құбылыс ертегі жанрының трансформациясының сипатын және халықтың дүниетанымы мен мәдениеттегі қазіргі заманғы трансформациялар арасындағы өзара байланысты анықтайды.

Біріншіден, қазақ ертегілеріндегі дәстүрлі жол мотиві мифологиялық кеңістікпен байланысты және кейіпкердің өмірлік миссиясын аяқтайтын қасиетті жол. Сценарийлік талдау нәтижелері дәстүрлі үлгінің сақталғанын көрсетеді: сапарға шығу → мифтік кедергіге тап болу → көмекшімен кездесу → сынақтан өту → үйге оралу. Дәстүрлі үлгі жалпы түркі мифопоэтикалық құрылымына сәйкес келеді. Қырғыз ғалымы Б. Юнусованың [6] пікірінше, жол - халықтың ұжымдық жады мен көшпелі тағдырының шифры. Өзбекстан ғалымдары жолды рухани жетілудің архетипі ретінде анықтайды. Жоғарыда айтылғандардан дәстүрлі қазақ ертегілеріндегі жол мотивінің басқа түркі халықтарымен ортақ дүниетанымдық кодқа ие екендігі байқалды.

Екіншіден, қазіргі авторлардың ертегілерінде жол ұғымы өзінің архетиптік құрылымын сақтағанымен, мазмұнның жаңа аспектілерімен толықтырылады. Мысалы, М. Қабанбаевтың «Жиһанкез Тити» ертегісінде жол – баланың қиялдағы саяхаты арқылы өзін-өзі тану және отбасылық құндылықтарды түсіну кеңістігі. «Робот және алтын асық» ертегісінде жол – технологиялық және ғарыштық кеңістікпен байланысты символ, ал «Күннің тоғыз баласы» ертегісінде ол ғарыштық тәртіпті және планеталардың рөлін түсіну құралы ретінде көрінеді. Аталған мысалдар қазіргі ертегілерде жол мотивінің әртүрлі психологиялық, әлеуметтік және символикалық мазмұнмен байытылғанын және дәстүрлі батырлық сынақтардан жеке тұлғаның өзін-өзі тануына ауысатынын көрсетеді. Г. Ж. Орда мен Т. С.

Измахан [10] қазіргі балалар әдебиетінде дәстүрлі мотивтердің жаңа әлеуметтік мазмұнмен толықтырылатынын да атап өтті.

Үшіншіден, фреймдерді талдау дәстүрлі және қазіргі қазақ ертегілеріндегі жол мотивінің құрылымдық сәйкестігін көрсетеді: бастапқы нүкте – кеңістік – кедергі – көмекші – мақсат. Дегенмен, олардың мазмұндық жүктемесінде айырмашылық бар. Дәстүрлі ертегілерде кейіпкер физикалық және рухани дайындықтан кейін сапарға шығады: «Ол темір аяқ киім, суға батпайтын және отқа жанбайтын сауыт киіп жолға шығады» («Ер Төстік»), бұл жолдың физикалық және қасиетті сипатын растайды. Қазіргі ертегілерде кейіпкер әдетте сапарын кенеттен және дайындықсыз бастайды: «Кенеттен батыр қанат қағып, аспанға ұшты» («Робот және алтын асық»), «Балабақшада естіген әңгімеден кейін жиһанкез болуды шешті» («Жиһанкез Тити»). Соңғы жағдайда жол мотиві батырлық миссиядан әлеуметтік-психологиялық миссияға ауысады. Лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, «кезбе болу», «жағдайды түсінуге шешім қабылдау» сияқты тіркестер жаңа жолға шығуды білдіреді, ал «мақсатсыз ұшу», «белгісіз әлем» сияқты тіркестер күтпеген сапар мен шексіз кеңістікті білдіреді. «Жалғыз жүру», «әлеуметтік немқұрайлылық» сияқты тіркестер рухани және әлеуметтік кедергілерді білдіреді, «бағыттау», «жол көрсетуші жұлдыз» когнитивтік бағдарды білдіреді, ал «сүю», «аспан құпиясын ашу» сияқты тіркестер түпкі мақсаттың негізгі құндылықтары отбасы, білім және әлеуметтік ортаға бейімделу екенін білдіреді. Сондықтан дәстүрлі ертегілерде жол физикалық және рухани сынақ кеңістігі ретінде көрінсе, қазіргі ертегілерде ол жеке тұлғаның ішкі дамуы мен әлеуметтік тәжірибесінің символына айналды.

Төртіншіден, алынған нәтижелер әлемдік теориялық модельдерге сәйкес келеді. М. Бахтин «жол» хронотопын уақыт пен кеңістікті бірлікте көрсететін әмбебап мәдени құрылым ретінде сипаттайды. Дж. Лакофф пен М. Джонсон «жол» ұғымын когнитивтік метафора — өмірде таңдау жасау және мақсаттарға жету моделі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ ертегілеріндегі жол мотиві ұлттық ерекшеліктер мен әмбебап когнитивтік схемалардың өзара сабақтастығын көрсетеді.

Заманауи БАҚ-та «жол» концептінің мағыналық аясы кеңейіп, ол «білім беру жолы», «мансап жолы», «сандық жол» сияқты ұғымдар арқылы көрініс табады [12]. Осылайша, дәстүрлі «жол» концепті ұлттық-мәдени кодтың негізгі мәнін сақтай отырып, жаңа мағыналық қырлармен толықты.

Жалпы алғанда, зерттеу «жол» концептінің дәстүрлі қазақ ертегілерінде әрі тұрақты, әрі трансформацияланатын құбылыс ретінде көрінетінін көрсетті. Дәстүрлі халық ертегілерінде жол - ұлттық кодтың қасиетті белгісі, ал қазіргі қазақ ертегілерінде ол жеке тұлғаның өсуіне және әлеуметтік бейімделуге сәйкес келетін жаңа мазмұнды дамытты. Бұл құбылыс қазақ мәдениетіндегі дәстүр мен заманауи құндылықтардың сабақтастығын көрсетеді.

Қорытынды

Бұл зерттеу дәстүрлі ертегілер мен қазіргі авторлық ертегілердегі «жолдың» мағынасын және оның ұлттық код пен мәдени жадты сақтау символы ретіндегі қызметін анықтауға бағытталған. Зерттеуде сценарий және фрейм әдістері кешенді түрде қолданылып, «жол» мотивінің құрылымдық ерекшеліктері айқындалды.

Біріншіден, халық ертегілерінде «жол» төменгі, орта және жоғарғы әлемдерді байланыстыратын мифологиялық хронотоп әрі архетиптік кеңістік ретінде көрінетіні анықталды. Ол «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай» шығармаларында көрінетіндей, рухани қиындықтарды және әділеттілік пен бостандыққа ұмтылуды білдіреді.

Екіншіден, қазіргі қазақ ертегілерінде «жол» ұғымы жаңа семантикалық сипатқа ие болып, оның әлеуметтік мазмұны заманауи құндылықтармен толыққан. Мысалы, М. Қабанбаевтың «Жиһанкез Тити» және Ә. Жүсіптің «Күннің тоғыз баласы» сияқты шығармаларында жол жай қозғалыс емес, өзін-өзі тану, шешім қабылдау және әлемді түсіну құралы ретінде танылады. Бұл бүгінгі балалардың санасына арналған дәстүрлі архетиптің жаңа көрінісі.

Үшіншіден, сценарий әдіснамасы мен фреймдік талдаудың үйлесімі зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттырды және «жол» ұғымын әртүрлі тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді.

Сондықтан, зерттеу қазақ халық ертегілеріндегі «жол» ұғымының тарихи сәйкестігін және оның қазіргі замандағы дамуын анықтап, мәдениеттің сабақтастығындағы рөлін көрсетті.

Зерттеудің келешек бағыттарының бірі – «жол» ұғымын кеңістік және уақыт хронотопымен сабақтастыра қарастыру, сондай-ақ мультимедиялық және анимациялық шығармалардағы жол мотивін зерттеу. Басқа түркі халықтарының фольклорымен салыстырмалы зерттеу жалпы архетиптер мен ұлттық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «білім беру жолы», «мансап жолы», «сандық жол» сияқты заманауи семантикалық модельдерді цифрлық дәуір контекстінде терең зерттеу дәстүр мен қазіргі заман сабақтастығын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Пропп В.Я. Русский георический эпос. – Москва: Гос. изд-во худож. лит-ры, 1958. – 602 с.

[2] Boratav P.N. Türk Halk Hikâyelerinde Kahramanın Yolculuğu // Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 1967. – №17. – Pp.1-18.

[3] Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство, 1979. – 423 с.

[4] Campbell J. Myths to live by. – Penguin Publishing Group, 1993. – 288 p.

[5] Nakhodkina A. A. The metaphor of road in Sakha epic space // Journal of Siberian Federal University. – 2022. – №15 (6). – Pp.769-779.

[6] Yunusova G. Specific features of the road chronotope in Uzbek folklore // *Journal of Cultural Studies*. – 2025. – №1(2). – Pp. 54-63.

[7] Abdujalilov A. Trial Motive in Uzbek Folk Fairy Tales // *Inlibrary.uz*. – 2025. – №3. – Pp. 21-33.

[8] Johnson M. *The Body in the Mind: The Bodily Basis of Meaning, Imagination, and Reason*. – Chicago: University of Chicago Press, 1987. – 423 p.

[9] Lakoff L. and Johnson M. *Metaphors We Live By*. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 455 p.

[10] Орда Г.Ж., Измахан Т.С. Б.Сүлейменовтің әдеби ертегілері туралы // *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*. – 2023. – 189(1). – Б. 164-173

[11] Салқынбай А.Б., Нұрбеков Т.Б. Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» пен «жамандық» оппозициясы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №1 (131). – Б.7-19. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01>

[12] Бейсембаева А.Р., Бахралинова А.Ж. Лингвокультура как микроконцепт: границы понятий и их пересечение // *Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана*. – 2025. – № 3 (78). – С.62-82.

REFERENCES

[1] Propp V. Ya. *Russkii geroicheskii epos [The Russian Heroic Epic]*. – Moskva: Gosudarstvennoe izdatel'stvo khudozhestvennoi literatury, 1958. – 602 s. [in Rus.]

[2] Boratav P. N. *Türk Halk Hikâyelerinde Kahramanın Yolculuğu [The Hero's Journey in Turkish Folk Tales]* // *Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi*. – 1967. – №17. – Pp. 1-18. [in Turk.]

[3] Bakhtin M. M. *Estetika slovesnogo tvorchestva [The Aesthetics of Verbal Creativity]*. – Moskva: Iskusstvo, 1979. – 423 s. [in Rus.]

[4] Campbell J. *Myths to live by*. – Penguin Publishing Group, 1993. – 288 p.

[5] Nakhodkina A. A. The metaphor of road in Sakha epic space // *Journal of Siberian Federal University*. – 2022. – №15 (6). – Pp. 769-779.

[6] Yunusova G. Specific features of the road chronotope in Uzbek folklore // *Journal of Cultural Studies*. – 2025. – №1(2). – Pp. 54-63

[7] Abdujalilov A. Trial Motive in Uzbek Folk Fairy Tales // *Inlibrary.uz*. – 2025. – №3. – Pp. 21–33.

[8] Johnson M. *The Body in the Mind: The Bodily Basis of Meaning, Imagination, and Reason*. – Chicago: University of Chicago Press, 1987. – 423 p.

[9] Lakoff G. and Johnson M. *Metaphors We Live By*. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 455 p.

[10] Orda G. Zh., Izmakhan T. S. B. Suleimenovtin adebi ertterileri turaly [On the Literary Fairy Tales of B. Suleimenov] // *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*. – 2023. – №1(189). – В.164-173. [in Kaz.]

[11] Salkynbai A. B., Nurbekov T. B. Qazaq erterilerindegi «jaqsylыq» pen «jamanadyq» oppozitsiyasy [The Opposition of ‘Good’ and ‘Evil’ in Kazakh Fairy Tales] // Yasauı universitetinin khabarshysy. – 2024. – №1 (131). – B. 7-19. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01> [in Kaz.]

[12] Beisembaeva A. R., Bakhralinova A. Zh. Lingvokulturema kak mikrokontsept: granitsy ponyatii i ikh peresechenie [Linguocultureme as a Microconcept: Boundaries of Concepts and Their Intersection] // Izvestiya KazUMOiMYa imeni Abylai khana. – 2025. – № 3 (78). – S. 62-82. [in Rus.]

ТРАНСФОРМАЦИЯ КОНЦЕПТА «ПУТЬ» В ТРАДИЦИОННЫХ И СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ СКАЗКАХ

*Жамансариева Е.А.¹, Отарбекова Ж.К.²

*^{1,2} Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. Когнитивная лингвистика позволяет выявить когницию и мировоззрение нации через анализ языковых единиц. В этом контексте концепт «путь» представляет собой не только физическое пространство, но и сложную структуру, обладающую мифопоэтическим и когнитивным значением. Цель данного исследования — определить преимущество и трансформацию концепта «путь» в традиционных и современных казахских сказках, а также описать степень сохранности национального кода с использованием когнитивных методов. Основные направления исследования сосредоточены на выявлении национального мировоззрения, мифопоэтической функции и национально-когнитивной структуры концепта «путь».

В качестве материала исследования были отобраны пять традиционных казахских сказок («Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Алтын сақа», «Тазша бала», «Аяз би») и семь современных казахских сказок («Жиһанкез Тити», «Робот пен Алтын сақа», «Ерке-Глосс», «Фламинго», «Күннің тоғыз баласы», «Томирис пен Нарқызыл»). Методологическую основу исследования составили фреймовый и сценарный анализ, позволившие выявить особенности репрезентации концепта «путь» в сказочном дискурсе. Данный концепт рассматривается через систему фреймов, включающих устойчивые слоты: начало, пространство, препятствие, помощник и цель, а также посредством сценарной структуры, состоящей из этапов: начало – препятствие – помощник – преодоление рубежа – достижение цели.

Результаты исследования показали, что концепт «путь» претерпевает многоуровневую трансформацию. На физическом уровне «путь» выступает пространством движения и опытом героя, тогда как на когнитивном уровне он функционирует не только как физическое пространство и духовное испытание, но и как сценарная модель внутреннего развития личности

и ее социального опыта. На мифопоэтическом уровне «путь» выступает сакральным пространством и символическим кодом коллективной памяти и кочевой судьбы народа.

В заключение установлено, что концепт «путь» в казахских сказках сохраняет историческую преемственность и одновременно демонстрирует развитие в современном контексте, отражая его роль в культурной преемственности. Научная ценность исследования заключается в системном описании концепта «путь» с когнитивной и мифопоэтической точек зрения. Полученные результаты вносят вклад в развитие когнитивной лингвистики, лингвокультурологии и фольклористики, а также способствуют формированию методологической базы корпусного анализа.

Ключевые слова: авторские сказки, народные сказки, концепт «путь», трансформация, фрейм, сценарий, хронотоп, архетип

THE TRANSFORMATION OF THE «PATH» CONCEPT IN TRADITIONAL AND MODERN KAZAKH FOLKTALES

*Zhamansariyeva E.A.¹, Otarbekova Zh.K²

*^{1,2} Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Cognitive linguistics makes it possible to examine the cognition and worldview of a nation through the analysis of linguistic units. In this context, the concept of the “path” represents not only a physical space but also a complex structure with mythopoetic and cognitive significance. The aim of this study is to identify the continuity and transformation of the concept of the “path” in traditional and modern Kazakh fairy tales and to describe the degree of preservation of the national code using cognitive approaches. The main research directions focus on revealing the national worldview, mythopoetic function, and national cognitive structure of the “path” concept.

The research material consists of five traditional Kazakh fairy tales (“Er Tostik,” “Kerkula Atti Kendebai,” “Altyn Saka,” “Tazsha Bala,” “Ayaz Bi”) and seven modern Kazakh fairy tales (“Zhihankez Titi,” “Robot pen Altyn Saka,” “Erke-Gloss,” “Flamingo,” “Kunnin Togyz Balasy,” “Tomiris pen Narkyzyl”). The methodological framework includes frame analysis and script-based analysis to identify how the path is represented in fairy tale discourse. The concept of the “path” is structured through frames consisting of stable slots such as origin, space, obstacle, helper, and goal, as well as through a script composed of sequential stages: origin – obstacle – helper – reaching the destination – goal.

The results demonstrate that the concept of the “path” undergoes multi-layered transformation. On the physical level, the path functions as a space of movement and experiential domain for the character. On the cognitive level, the path operates not only as a physical and spiritual trial but also as a script-based

model of personal transformation and social experience. On the mythopoetic level, the path emerges as a sacred space and a symbolic code reflecting the collective memory and nomadic destiny of the people.

The findings confirm that the concept of the path preserves historical continuity while evolving in contemporary fairy tales, highlighting its role in cultural transmission. The scientific value of this study lies in its systematic cognitive and mythopoetic analysis of the path concept. The results contribute to cognitive linguistics, linguistic cultural studies, and folklore research, and provide a methodological basis for corpus-based analysis.

Keywords: authorial fairy tales, folk fairy tales, concept of *path*, transformation, frame, script, chronotope, archetype

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 27.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Жамансариева Еңлік Асылбекқызы – докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-6484-4930>, e-mail: jamansariyeva.e@qyzpu.edu.kz

Отарбекова Жамиля Керимбаевна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8289-9050>, e-mail: otarbekova.zh@qyzpu.edu.kz

Информация об авторах:

Жамансариева Еңлік Асылбекқызы – докторант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0007-6484-4930>, e-mail: jamansariyeva.e@qyzpu.edu.kz

Отарбекова Жамиля Керимбаевна – кандидат филологических наук, и.о. профессора, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8289-9050>, e-mail: otarbekova.zh@qyzpu.edu.kz

Information about the authors:

Zhamansariyeva Enlik Asylbekkyzy – doctoral student, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-6484-4930>, e-mail: jamansariyeva.e@qyzpu.edu.kz

Otarbekova Zhamilya Kerimbayevna – Candidate of Philological Sciences, Acting Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8289-9050>, e-mail: otarbekova.zh@qyzpu.edu.kz